

## SIFRLYQ QAZAQSTAN

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ТӘРТІБІ  
түбегейлі өзгермек

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жүргізуші куәлігін алу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және жүргізушілерді даярлау сапасын күшейтуге бағытталған нақты шараларды бекітті. Енгізілетін жаңашылдықтарға сәйкес, азаматтар жүргізуші куәлігін алу үшін емтиханды ақылы негізде, кемінде 10 күнтізбелік күн аралықты сақтай отырып, шектеусіз тапсыра алады.



нылатын академиялық адалдықты қамтамасыз ету технологиялары сынақтан өткізіледі. Кейін бұл технологияларды жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық емтихан тапсырудың бүкіл жүйесінде қолдану жоспарланып отыр.

Үшінші және төртінші шаралар аясында емтихан өткізу процесіне жасанды интеллект технологиялары енгізіледі. Атап айтқанда, теориялық емтихан қабылдау кезінде толықтырылған шынайылық, ал практикалық емтиханды бақылауда компьютерлік көру технологиясы қолданылады.

Бесіншіден, жүргізуші куәлігін алуға қатысты цифрлық шешімдердің ақпараттық қауіпсіздігін барынша күшейту көзделеді. Осы мақсатта оларды ақпараттандырудың аса маңызды объектілері тізбесіне енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

Алтыншыдан, әкімшілік жауапкершілікке қатысты нормаларды енгізу қарастырылған. Бұл жауапкершілік қызмет алушыларға да, жүргізуші куәлігін

заңсыз алуға жәрдем көрсететіндерге де қолданылады. Шаралар емтихан тапсыру процесінде заң бұзушылықтар анықталған жағдайда қабылданылады. Олардың қатарына тыйым салынған құрылғыларды, микроқұлаққаптарды, микрокамераларды, сондай-ақ байланыс сигналдарын қабылдайтын және тарататын құралдарды пайдалану жатады. Бұдан бөлек, теориялық емтихан тапсыру құқығынан 1 жылға айыру мүмкіндігі енгізіледі.

Жетінші шара ретінде автомектептердің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту көзделеді. Олардың жұмысын бағалау кезінде жүргізушілерді даярлау сапасы мен азаматтардың кері байланысы ескеріледі. Сондай-ақ олардың қызметін лицензиялау жоспарланып отыр. Жүргізушілерді даярлау сапасы төмен болған жағдайда лицензияны толық кері қайтарып алу қарастырылады.

Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.

## SAQTYQTA QORLYQ JOQ

## ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАМАСЫН СӘБИЛЕР

Елімізде балаларды терезеден құлаудан қорғауға бағытталған республикалық науқан басталды. «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру аясында елімізде «Терезе-SAFE» ауқымды ақпараттық науқаны іске қосылды. Мақсаты – жазатайым оқиғалардың алдын алып, балалардың терезеден құлауына жол бермеу.

Статистикаға сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұндай оқиғалар 2023 жылмен салыстырғанда 1,8 есеге артқан. Қауіп тобында негізінен 2 мен 5 жас аралығындағы балалар тұр. Өткен аптада ғана Петропавл қаласында көпқабатты тұрғын үйдің терезесінен кішкентай бала құлап кеткен болатын.

Науқанның негізгі элементі – әр отбасының күнделікті өмірінде «Қауіпсіздік минуты» ережесін енгізу. Ережеге сәйкес ата-аналар күн сайын үй ішін қысқаша тексеріп шығу әдетін қалыптастыру керек. Тексеру кезінде терезе бұғаттағыштарының беріктігіне және терезе алдында бала шығып кететін жиһаздың тұр-

мауына баса назар аудару қажет. Басты мақсат – әрбір ата-ананың бойында тұрмыстық қауіпсіздік дағдысын қалыптастыру.

Науқан аясында өңірлерде атқарылатын іс-шаралар: – білім беру саласында: мектептер мен балабақшаларда «Қауіпсіз үй» тақырыбында сабақтар мен арнайы мамандардың қатысуымен ата-аналар жиналысы өткізіледі;

– тұрғын үй секторында: үй басқарушыларымен және белсенді тұрғындармен бірлесіп, терезелерге арнайы құлыптар орнату және қауіпсіздік ережелері жазылған ақпараттық парақшаларды тарату жұмыстары ұйымдастырылады;

– денсаулық сақтау саласында: жаңа туған нәрестелерді патронаждық тексеру кезінде медицина қызметкерлері үй ішіне шағын «қауіпсіздік аудитін» жүргізіп, ата-аналарға нақты кеңестер береді.

Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл ЖЭО-2 №3 мұржасын қайта құру» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулардың өтетін уақыты: 2026 жылдың 24 сәуірінен 2026 жылдың 30 сәуіріне дейін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» (ҚО ТРЖ ҰДБ) <https://ndbecology.gov.kz/> цифрлық платформасында «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде.

Жоба материалдары қоғамдық талқылау кезеңінде шолу және пікірлер мен ұсыныстар беру үшін қолжетімді.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, БСН: 990140000186, Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі, 215 үй. Тел.: +7 (7152) 31-43-24.

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші: «Құрылысэкспертпроект» ЖШС, БСН: 050540000918, Қазақстан, Қарағанды қ., Ерубаев к-сі, 5, тел.: 8 (7212) 43-24-51.

Қоғамдық талқылаулар кезінде жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты [ekolog@ker-project.kz](mailto:ekolog@ker-project.kz) электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Қоғамдық талқылаулар түріндегі қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты жергілікті атқарушы орган – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел.: +7 (7152) 53-36-37, e-mail: [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

\*\*\*

«Намыс» ЖШС 24.04.2026ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде портал бойынша (<https://ndbecology.gov.kz>) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданындағы «Карьерное» кен орнында шөгінді жыныстарды (құрылыс құмын) өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін болады.

Порталда құжаттамамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады (<https://ndbecology.gov.kz>) және ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>).

Бастамашы – «Намыс» ЖШС, БСН: 000140000548, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Чаглинская көшесі, 2, тел.: 8 (7162) 41 10 05, e-mail: [info@sf-namys.kz](mailto:info@sf-namys.kz).

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Ақмола обл., Көкшетау қ, Васильковский ш/а., 4Г, тел.: 8(7162)514141.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «СЕВКАЗЭНЕРГО» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Реконструкция дымовой трубы №3 Петропавловской ТЭЦ-2 АО «СЕВКАЗЭНЕРГО» с разделом «Охрана окружающей среды».

Сроки проведения публичных обсуждений: с 24.04.2026 г. по 30.04.2026 г. на цифровой платформе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (НБД СОС и ПР) <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

Проектные материалы доступны для ознакомления и предоставления замечаний и предложений в период срока проведения публичных обсуждений. Инициатор намечаемой деятельности: АО «СЕВКАЗЭНЕРГО», БИН: 990140000186, Казахстан, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица имени Жамбыла Жабаева, дом 215. Тел.: +7 (7152) 31-43-24.

Разработчик проектной документации: ТОО «Құрылысэкспертпроект», БИН: 050540000918, Казахстан, г. Караганда, ул. Ерубаева, 5, тел.: 8 (7212) 43-24-51.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности при проведении публичных обсуждений можно получить по электронному адресу: [ekolog@ker-project.kz](mailto:ekolog@ker-project.kz).

Местный исполнительный орган, ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичных обсуждений – КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», тел.: 8 (7152) 53-36-37, e-mail: [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

\*\*\*

ТОО «Намыс» уведомляет о том, что с 24.04.2026 в течение 10 рабочих дней по порталу (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Плану ликвидации последствий операции по добыче осадочных пород (строительного песка) на месторождении «Карьерное» в Тайыншинском районе Северо-Казахстанской области.

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на портале (<https://ndbecology.gov.kz>) и на сайте МИО (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>).

Инициатор – ТОО «Намыс», БИН: 000140000548, Северо-Казахстанская область, Тайыншинский район, г. Тайынша, ул. Чаглинская, 2, тел.: 8 (7162) 41 10 05, e-mail: [info@sf-namys.kz](mailto:info@sf-namys.kz).

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, Ақмолинская область, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, тел.: 8(7162)514141.

